

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

Меры правительства в сфере регулирования налоговыми льготами могут оказывать огромное влияние на экономический рост, поступления доходов и уровень бедности страны в целом, и регионов в частности.

### **Литература**

- 1 Ермекбаева Б.Ж. Лесбеков Г.А. Основы налогообложения. Алматы. 2012.
- 2 Нурумов А. Налоги Республики Казахстан и развитых стран
- 3 Закон Республики Казахстан от 24 апреля 1995 года № 2235 «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» 2015 г.
- 4 А.С. Булатов «Экономика» Москва, 1998 г.
- 5 Г. Карагузова «Налоги: сущность и практика использования» Алматы, «Каржы-Каражат»

## **ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ –ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ**

*Амренова Ф.Қ.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: amrenova1969@mail.ru

Ешкім ешқашан дағдарыстан қорғап қалуға кепілдік бермейді. Дағдарыстық жағдай аяқ астынан болады. Дағдарыс кәсіпорындарды қызмет саласына, қызметкерлер санына, өнім сапасына және басқа жағдайларға қарамай-ақ таңдайды. Дағдарыстық жағдай көптеген себептердің әсерінен пайда болады[12]. Олардың ішінде, табиғат апаттарын, экологиялық, қаржы, азаматтық немесе құқықтық дағдарыстарды айтуға болады. Кәсіпорынның алдын ала дайындалған дағдарысқа қарсы бағдарламасының болуы, оның болашаққа деген ұмтылысының айқын көрінісі.

Экономикалық әдебиеттерде дағдарысқа қарсы басқарудың көптеген анықтамалары бар. Кейбір авторлар дағдарысқа қарсы басқаруды «нақты бір борышқордың кәсіпорында қолданатын дағдарысқа қарсы нысандар мен әдістердің жиынтығы» деп түсінеді[12]. Дағдарысқа қарсы басқару микроэкономикалық категория болып табылады және кәсіпорынның жойылуы мен қайта жандануы кезіндегі өндірістік қатынастарды қамтиды. Ресейлік экономист Э.А.Уткин дағдарысқа қарсы басқару дегенде, кәсіпорынның нарықтық қызметінде мүмкін қиыншылықтардың болмауына, оның өз жеке қаржыларына негізделген, кеңейтілген, ұдайы өндіріске және тұрақтылыққа бағытталған басқаруды түсінеді. Профессор Э.М.Коротков бойынша: «Дағдарысқа қарсы басқару - дағдарысты алдын-ала көре білуге көзделген басқару, оның белгілерін, залалдарын азайту шаралары талданып, оны ары қарай дамуға пайдалану»[12]. Дағдарыстың еркін және оңтайлы жақтарын атап өткісі келетін авторлар, дағдарысқа қарсы басқаруды керісінше, «жақындап

келе жатқан қиын кезеңді алдын-ала біліп, даму бағытын өзгертуге мүмкіндік береді деп анықтайды». Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды - кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды.

Дағдарыс кезеңінде басқару мен сапа мәселелері өндірісті сақтап қалу үшін шешуші фактор болып табылады, әлемдік қаржылық жағдайда өнімнің немесе қызметтің бәсеке қабілеттілігін арттыруы өте маңызды[13]. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, отандық кәсіпорындардың куйреуінің басты себебі кәсіпорынды басқару қағидалары мен әдістерінің нарықтық экономикаға сай келмеуі. Нарықтық экономикада дағдарысқа қарсы үрдістер - басқарылатын процестер, сондықтан елімізде дағдарысты қабылдау концепциясын анықтап, оған қарсы механизмді қалыптастыру аса өзекті мәселе болып отыр. Ғалымдардың зерттеуінше, дағдарысты қабылдаудың екі концепциясы бар[12]:

1. Дағдарысқа деген қатынас — қолда барды сақтап қалуға бағытталған.

Мұнда дағдарыс қауіп және тосқауыл деп қабылданып, қатысушы тұлғалар немесе ұжым үшін тәуелсіздігін жоғалтып алу қаупі болады. Осының нәтижесінде, жауапты тұлғалар дағдарысты теріс қабылдап, дағдарысқа дейінгі алдын алу шараларын жүзеге асырады.

2. Дағдарысқа деген қатынас — жаңашылдыққа бағытталған. Бұл жағдайда дағдарыс кәсіпорынның эволюциялық даму үрдісіндегі жаңартуға деген қажеттілік деп қарастырады. Мұнда дағдарыс, белгілі бір иррационалдық немесе дұрыс емес жасалған мақсаттар, ережелерден тазартудың әдісі болып табылады. Осының нәтижесінде, дағдарысты туғызған, бұрынғы жағдайды өзгертуге әкелген талаптар ұтымды шешіммен қарастырылады.

Дағдарысқа қарсы басқару механизмі ең алдымен кәсіпорында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс[2]. Дағдарысқа қарсы басқару механизмін құраушы негізгі элементтері ретінде қаржы жағдайының диагностикасы, кәсіпорынның бизнесін бағалау, маркетинг, ұйымдастырушы-өндірістік менеджмент, персоналды басқару, қаржылық менеджмент, инвестициялық саясат, дағдарысқа қарсы бизнес-жоспарлау, бизнес реинжиниринг үрдісін айта аламыз.

Кәсіпорындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету оның құрылған мезетінен басталады[9]. Дәл осы мезеттен кәсіпкерлік қызметті жүргізуші фирманың потенциалды мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері анықталып, зерттеледі және болашақта фирманың қызмет ету бағыты, жеке мүддесі мен мақсаттары нақтыланады. Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмін қалыптастыру мәселесі тәжірибелік жағынан өте қиын және әдістемелік жағынан толықтыруды талап етеді.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету - кәсіпорынның күнделікті өмірінде қолданылып, стратегиялық сипат алатын, менеджменттің бар мүмкін болатын әлеуетін кешенді, жүйелік негізде қолданып, уақытша қиыншылықтарды жеңетін және нарықта өз орнын бекітіп,

ары қарай дамытуға арналған дағдарысқа қарсы басқару іс-шараларының жиынтығы.

Қазақстан Республикасының егемендік алған кезеңінен бастап, «экономикалық дағдарыс» термині елдің құқықтық - нормативті құжаттарынан берік орын алды[4]. Осындай нормативті құжаттардың қатарына ҚР-ның "ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы, ҚР-ның экономикалық қауіпсіздігінің Мемлекеттік стратегиясы жатады. ҚР-ның «ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында экономикалық қауіпсіздік «ҚР-ның ұлттық экономикасының тұрақты дамуына және экономикалық тәуелсіздігіне кері әсер ететін үрдістер мен факторлардан, ішкі және сыртқы жағдайлардан қорғалған жағдайы» деп көрсетілген.

Ғалымдардың пікірінше, кәсіпорынның (фирманың, ұйымның) экономикалық қауіпсіздігі ғылыми - техникалық, технологиялық, өндірістік және кадрлық әлеуеттің сыртқы және ішкі экономикалық қатерлерден қорғалған жағдайы және оның барлық ресурстарын тиімді қолдану арқылы ұдайы өндіріске қабілеттілігі[3]. Кәсіпорында экономикалық дағдарысқа қарсы басқару кәсіпорындағы барлық ресурстарды (өндірістік, технологиялық, еңбек, ғылыми-инновациялық, қаржылық, кәсіпкерлік) ұтымды пайдалана отырып, дағдарыстардың алдын-алу және ұдайы даму шаралары жүйесінің тиімді қызмет ету жағдайы. Басқа ғалымдардың пікірінше, экономикалық дағдарысқа қарсы басқару дегеніміз - жұмыс істеп тұрған кәсіпорынға мүмкін болатын экономикалық қатерлердің қарсы шаралар жүйесіне немесе басқа сөзбен айтқанда, кәсіпорындағы экономикалық дағдарысқа қарсы басқару жүйесіне тең болуы.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды бағалау өте маңызды. Себебі, қызметтегі белсенді әлеует дағдарысқа қарсы дамуды анықтайтын, экономикалық өсудің кепілі және елдің экономикалық тәуелсіздігін, дағдарысқа қарсы басқару дағдарыстан сақтайтын тұрақты фактор болып табылады. Оның босаңсуы кәсіпорынның, мемлекеттің болжауға мүмкін болмайтын зардаптарға ұшырауына әкелуі мүмкін[2]. Кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқару ең алдымен менеджерлердің мүмкін қатерлерді көре білу және алдын-алу, пайда бола бастаған қиындықтарды тез шешіп, оң жолға түсу шараларын жүзеге асыруымен байланысты.

Экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды камтамасыз етуді бағалауды аяқтай отырып, кәсіпорынның табыстылығы мен рентабельділігін талдау жөн болады[3]. Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін камтамасыз ету экономикалық қатерлердің алдын алу шараларын өткізу арқылы жүргізіледі. Біздің елімізде кәсіпкерлер үшін нақты экономикалық еркіндікті қажет ететін нарық аяғына тұрды. Мұндай қадам үшін нарыққа сай еңбек өнімділігін, тиімділікті, тұтынушылар мен жабдықтаушылардың алуан түрлі талаптарына икемделетін өндірісті камтамасыз ететін фирма мәдениеті мен басқару жүйесі керек-ақ. Дағдарысқа қарсы басқаруда, фирманың экономикалық ең тиімді басқару құралы ретінде, осындай әлеует бар.

Мемлекет деңгейіндегі кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз ету тетіктеріне: монополияға қарсы баға саясаты, салықтық реттеу, өнім және қызмет сапасын мемлекеттік реттеу, импортты алмастырудың және отандық кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясаты, мемлекеттік инвестициялық саясат, кәсіпорындарды оңалту және санация жатса, кәсіпорын деңгейіндегі тетіктеріне: шығындарды басқару, өнім сапасын және бәсекеқабілеттілікті басқару, өндірістік әлеуетін оңтайландыру, еңбек ресурстары мотивациясы, контроллинг, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру, маркетинг және логистика, инвестицияларды және инновацияларды басқару, бизнес реинжиниринг жатады.

Кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз ету - кәсіпорынның күнделікті өмірінде қолданылып, стратегиялық сипат алатын, менеджменттің бар мүмкін болатын әлеуетін кешенді, жүйелік негізде қолданып, уақытша қиыншылықтырды жеңетін және нарықтағы өз орындарын бекітіп, ары қарай дамытуға арналған дағдарысқа қарсы басқару іс-шараларының жиынтығы ретінде көрсете отырып, дағдарысқа қарсы басқару кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі деген тұжырымға келдім[1].

Экономикалық қауіпсіздік пен дағдарысқа қарсы басқаруды мемлекеттік реттеу мүмкін болатын экономикалық қатерлерді талдау арқылы дағдарысқа қарсы шараларды жоспарлау жолымен қабылданған шаралардың орындалуын бақылап, экономикалық дағдарысқа қарсы басқару жүйесінің тиімділігін талдау мәселелерін анықтайды. «Дағдарыстар қайталанатын болады, ал біздің мақсат оны басқаруды үйрену. Әзірге бізде бұл орындалуда» - деп елбасымыз айтпақшы, қазақстандық дағдарысқа қарсы басқару менеджменті басқа елдерге үлгі болары анық. Дағдарысқа қарсы төтеп беру - экономикалық қауіпсіздігіміздің бірден-бір кепілі!

### Әдебиеттер

- 1 Балдин К.В., Белугина В.В., Галдицкая С.Н., Передеряев И.И. Банкротство предприятия. Анализ, учет, прогнозирование. - М.: Дашков и Ко, 2007.
- 2 Жарковская Е.П., Бродский Б.Е. Антикризисное управление. – М.: Омега-Л, 2006.
- 3 Зуб А.Т., Панина Е.М. Антикризисное управление организацией. – М.: Инфра-М, 2007.
- 4 Бирюкова О.Ю. Приемы антикризисного менеджмента. – М.: Дашков и К, 2011
- 9 Родионова Н.В. "Антикризисный менеджмент". — М.: "ЮНИТИ", 2002. — с. 223.
- 10 <http://bigox.kz/dagdaryska-karsy-baskaru-kasiporynnyn-ekonomikalyyk-kauipsizdigin-kamtamasyz-etudin-negizi/>
- 11 [http://www.rusnauka.com/14\\_ENXXI\\_2013/Economics/6\\_137586.doc.htm](http://www.rusnauka.com/14_ENXXI_2013/Economics/6_137586.doc.htm)